


«Келісілген»
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университетінің
Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму
және әлеуметтік істер жөніндегі
проректор


Б.Қ. Исабек
« 26 » _____ 10 _____ 2022ж.



«Бекітемін»
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университетінің
Басқарма төрағасы-Ректор
Г.Д. Сугирбаева
« 26 » _____ 10 _____ 2022ж.
ОҚМПУ Ғылыми кеңесінің 26.10.2022ж.
күнгі шешімімен бекітілген. (№3 хаттама)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ (АССОЦИАЦИЯ) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Жоғары оқу орнының түлектер Қауымдастығы (ары қарай - Қауымдастық) жоғары оқу орны құрылымының тұрақты қызмет атқаратын бөлімшесі болып табылады.

1.2 Қауымдастық жоғары оқу орнының Жарлығына сәйкес құрылып, осы ереженің талаптарын басшылыққа алу арқылы ерікті түрде қызмет атқарады.

1.3 Қауымдастық заңды тұлға болып табылмайды. Қауымдастықтың барлық іс-қимыл әрекеттері ЖОО-ның аясында университет ректорымен келісіле отырып, жүзеге асырылады.

1.4 Қауымдастық атқарған қызметі ОҚМПУ-нің құрылған күніне орай (1937 жылы 19 наурызда Қазақ ССР Халық Комиссариаты Советінің қаулысымен Шымкент мұғалімдер институты болып негізі қаланған) қауымдастық кеңесінің құрамы және жалпы мүшелерінің бас қосуымен жылына 1 рет қорытындыланады.

1.5 ОҚМПУ әкімшілігі тарапынан қауымдастық мүшелерінің шығармашылық және ғылыми потенциалын жүзеге асыруы, өзара тәжірибе алмасу және профессионалды бірігуі үшін қолайлы жағдайлар жасалады.

1.6 Университетті үздік бітірген түлектер қауымдастықтың құрамына кіруге мүмкіндік алады.

1.7 Қауымдастықтың қызмет атқару мерзімі шектелмеген. Оның ұйымдастырушылық құрылымы төмендегі қағидаларды негізге алады:

1. Қауымдастықтың ең жоғарғы органы болып оның барлық мүшелерінің жиналысы саналады.
2. Жалпы жиналыстың құзырлылығына кіреді:
 - ережені өзгерту және қабылдау;
 - атқарылатын қызметтердің негізгі бағыттарын анықтау;
 - қауымдастық кеңесін қайта құру;
 - қауымдастық кеңесінің төрағасын, төраға орынбасарын, құрамын жалпы жиналыста ашық дауыс арқылы сайлау;
 - қауымдастық қызметін тоқтату.
3. Қауымдастық кеңесінің құрамына кіретіндер:
 - ректорат өкілдері;
 - әр құрылымдық бөліммен бір өкіл (құрылым бөлімше);
 - университеттің ардагерлер кеңесінен бір өкіл;
 - жастар комитетінен бір өкіл;
 - кәсіби жетістіктерінің шыңына жеткен қауымдастық мүшелері.
 - Қауымдастық, Төрағасы ЖОО бітіруші түлектер арасынан сайланады, сонымен қатар ол Қауымдастық кеңесінде басқарушылық етеді.

- Қауымдастық кеңесінің төрағасы мен оның құрамы Ғылыми кеңес не Ректорат мәжілісінде үш жылға сайланады, Кеңес жылына 1 рет ректорға есеп береді.
- Қауымдастық кеңесі төрағасының орынбасары болып бітіруші түлектермен жұмыс жүргізу жөніндегі құрылым басшысы сайланады.

2. ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ МАҚСАТТАРЫ

2.1 ОҚМПУ-нің ынтымақтастығын жергілікті атқарушы билік органдарымен, комерциялық және қоғамдық ұйымдармен тиімді қамтамасыз ету және ынтымақтастық келісімдер орнату;

2.2 ОҚМПУ-нің ардагерлеріне қолдау көрсету және университет қабырғасында білім алушы мүгедек, жартылай және тұл жетім студенттерге көмек көрсету;

2.3 Жыл сайынғы жас түлектердің жұмыспен қамтылуы үшін түрлі мемлекеттік бағдарламаларды түлектерге таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

2.4 ЖОО-ның әр түрлі мерзімде бітіріп кеткен түлектермен байланысты арттыра отырып, маман даярлаушы кафедралар мен түлектердің үздіксіз қарым-қатынасын қалыптастыру;

2.5 ЖОО-ның материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында қауымдастық мүшелерінің күш-жігерін бірлестіру;

2.6 Әрбір саланы басқарып отырған қауымдастық мүшелерінің пікірлерін саралай отырып, нарықтық экономиканың сұраныстарын ескеру арқылы университеттің маман даярлаудағы білім беру бағдарламаларының перспективасын анықтау;

2.7 Алыс және жақын шет елдердің жоғары оқу орындарымен және басқа да коммерциялық, қоғамдық бөлімшелермен шығармашылық байланыстар құру;

2.8 Кафедрадағы профессор-оқытушылар құрамының мектептерде бітіруші сынып оқушыларына білім беру бағдарламалары (мамандық) бойынша танысу дәрістерін жүргізуге мүмкіндіктер жасау;

2.9 Әр саланы басқарып жүрген қауымдастық мүшелерінің еңбек пен өндірістегі озық тәжірибелерін ЖОО оқу үдерісіне ендіру;

2.10 Университеттің тыныс-тіршілігіне (озық тәжірибелері оқу үдерісіне ендіріліп, оқу-тәрбиелік, ғылыми, спорттық және ауқымды мәдени іс-шараларға) араласып, белсенділік танытқан қауымдастық мүшелеріне университет Ғылыми кеңесінің шешімімен «ОҚМПУ профессоры» академиялық атағын беру.

3. ҚАУЫМДАСТЫҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1 Университет аясында өткізілетін барлық біліктілігін арттыру курстарына қатысу;

3.2 ЖОО-ның профессоры академиялық атағына ие бола алу;

3.3 Материалдық-техникалық базаны нығайту мақсатында университетке демеушілік көрсету;

3.4 Қауымдастық қызметіне байланысты ақпараттардың барлығынан хабардар болу;

3.5 Қауымдастықтың қызметі аясындағы мәселелерді талқылау мен өзгерістер енгізуге атсалысу;

3.6 Қауымдастық кеңесінде таңдау және сайлану мүмкіндігіне ие болу;

3.7 Өнертабыс пен ғылыми аспектері бар фирма мен өндірістің қызметтері туралы жарнамаларды университет сайтына ақылы негізде орналастыру;

3.8 Жарнама материалдары мен университеттің ғылыми жинақтарында мақалаларды жариялау мүмкіндігі болу;

3.9 Ғылыми зерттеулерге гранттық қаржыландыру байқауларына қатысу мүмкіндігіне ие болу.

4. ҚАУЫМДАСТЫҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1 ЖОО тынысымен үнемі байланыста болып, университет имиджіне қызмет ету;

4.2 Бітіруші түлектерді жұмысқа орналасуына көмек көрсету;

4.3 Демеушілік көмек көрсету жолдары мен демеушілік жасау тәсілдерін іздестіру;

4.4 Қауымдастық жиналыстарына және кеңестің жұмыстарына қатысу.

5. ҚАУЫМДАСТЫҚ ҚҰРАМЫНА КІРУ ТӘРТІБІ


Қауымдастық құрамына кіру үшін Қауымдастық кеңесі төрағасының атына өзін қабылдау туралы өтініш жіберу керек.

Құрылым басшылары өз өтініштерін Қауымдастық кеңесіне жазбаша немесе электронды түрде жібере алады.

Жеке азаматтар жазбаша түрде электронды пошта немесе ОҚМПУ сайтында www.okmpu.kz тіркеліп, өтініштерін жібере алады.

Қауымдастық мүшелеріне Қауымдастық қызметі, қауымдастық құрамы туралы және университетте жиналатын іс-шаралар туралы ақпарат жіберіледі, осылайша шараларға қатысуға мүмкіндік болады.

Маркетинг және мансап
департаментінің директоры



Ғ.Ш.Битұрсын